

«Астана медициналық Университеті» АҚ

Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

Презентация

Тақырыбы: Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетудің біріншілік звено қызметі және құрылымы. Облыстық аурухананың ұйымдастыру-әдістемелік жұмысының көрсеткіші.

Орындаған: Байтуған М

Топ: 503 ҚДС

Тексерген: Байгулова Г. Б

Астана 2014

Жоспар

- Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету
- Этаптылығы
- Негізгі функциялары
- Ауылшаруашылық уческелік аурухана
- Фельдшерлік-акушерлік пункті
- **ФАП** құрамы
- Аудандық аурухана құрылымы
- Облыстық аурухана құрылымы
- Облыстық аурухана міндеттері
- Қолданылған әдебиеттер

Ауыл тұрғындарына медициналық көмекті ұйымдастыру.

Ауыл тұрғындарына медициналық көмектің ұйымдастырылуы денсаулық сақтау ұйымының негізгі қағидаларынан құрылады. Дегенмен ауылдық медициналық ұйымдар жұмысының әдісі мен ұйымдастыру формасына әсер ететін факторлар бар:

- ауылдағы адамдардың орналасуы жиілігі, ауылдық пункттегі адамдардың орташа саны;
- қызмет көрсету радиусы, көліктің болуы, жолдың қашықтығы;
- ауыл шаруашылық жұмыстың және тұрмыс жағдайының сипаты;
- кейбір халықтардың ұлттық дәсүрлері мен ерекшеліктері;
- дәрігерлік кадрлардың ағымдылығы;
- экономиканың және мәдениеттің деңгейі;
- географиялық және климаттық жағдайлар.

Ауыл тұрғындарына медициналық көмектің ұйымдастырылуының негізгі ерекшеліктері мыналар болып табылады:

- кезеңділік;
- сабақтастылығы;
- ауылда арнайы медициналық ұйымдардың болуы;
- арнайы ұйымдастыру формаларының және жұмыс істеу әдісінің қолданылуы.

Ауыл тұрғындарына медициналық көмектің кезеңдері және ауылдағы денсаулық сақтау ұйымдарының түрлері.

1-ші кезең - ауылдағы дәрігерлік бөлімше;



2-ші кезең – аудандық мекемелер;



3-ші кезең - облыстық мекемелер

Негізгі мекемелер:

1-ші кезеңге - учаскелік аурухана немесе дәрігерлік амбулатория; ФАП, аптекалық пункттер, өндірістік мекемелердегі фельдшерлік пункттер,

2-ші кезеңге - орталық аудандық аурухана, аудандық диспансерлер, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталықтары және т.б.

3-ші кезеңге - облыстық аурухана, диспансерлер, стоматологиялық клиникалар, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталықтары.

ДДҰ-ның ұсынысы бойынша аудандық аурухана ауыл тұрғындарына медициналық көрсететін негізгі бөлімше болып табылады. Бұдан басқа, керекті жағдайда ауылшаруашылық тұрғындар денсаулық сақтаудың қалалық мекемелерінде дәрігерлік жәрдем алады.

Негізгі функциялар

- учаскелік ауруханалар және дәрігерлік амбулатория: санитарлы бірінші квалификациялы дәрігерлік көмектің көрсетуі және санитарлы-эпидемиялық шаралар өткізу ;
- орталық аудандық ауруханалар: негізгі оның түрлері бойынша мамандандырылған көмектің көрсетілуі;
- облыстық ауруханалар: барлық мамандықтар бойынша жоғары мамандандырылған көмек көрсету

Ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық көмек көрсететін қызметтің құрылымы.

Медициналық қызмет көрсету жүйесіндегі науқастарға алғашқы қатынас буыны ауылдық дәрігерлік участок болып табылады. Оның негізгі міндеті- участок тұрғындарына мамандандырылған дәрігерлік көмек көрсету және санитарлық- эпидемиологиялық шараларды ұйымдастыру. Участоктағы адамдар саны 5000- нан 7000- ға дейін. Дәрігерлік участоктың құрамына кіретін ұйымдастырушылық және әдістемелік бөлімдер бірігіп учаскелік аурухананың бас дәрігерінің қарамағында болады.

Ауылдық емхананың құрамына мыналар кіреді:

1. Есепке алу және медициналық статистика кабинеті;
2. Дәрігерлік қабылдау бөлмелері, педиатриялық және хирургиялық, акушерлік- гинекологиялық, стоматологиялық және инфекциялық бөлмелер;
3. Көмекші- диагностикалық бөлмелер, оның ішінде: жабдықталған физиотерапевтік, зертханалық, рентгенологиялық бөлмелер;
4. Күндізгі стационар;
5. Әкімшілік- шаруашылық бөлім;
6. Фельдшерлік акушерлік бекеттер, медициналық бекет, жеке қабылдау бөлмесі қарастырылмаған медицина қызметкерлері.

Фельдшерлік-акушерлік пункт.

Фельдшерлік-акушерлік пункт – ауыл тұрғындарының алғаш рет қаралатын медицина мекемесі. Фельдшерлік-акушерлік пункттерді ұйымдастыру үшін- ең жақын медицина мекемесіне дейінгі қашықтықтың 5 километрден асық және елді мекендегі тұрғындардың саны 700 адамнан артық болуы тиіс. Егер ең жақын орналасқан медицина мекемесіне дейінгі қашықтық 7 километрден артық болса, онда тұрғындардың саны 300- 500 болатын елді мекендерде де фельдшерлік- акушерлік бекетті ашуға болады.

ФАП құрамы:

- Фельдшер- меңгеруші**
- Акушер (патронаждық
медбике)**
- Санитарлық персонал**

Фельдшерлік- акушерлік бекеттердің негізгі міндеттері:

- ауыл тұрғындарына дәрігерге дейінгі медициналық көмекті беру;
- дәрігердің тағайындаған емдік шараларын дер кезінде және толық көлемде орындау;
- балалар және екіқабат әйелдердің патронаж ұйымдастыру. Бекітіліп берілген тұрғындардың денсаулығын жүйелі түрде қадағалау;
- ең алдымен, инфекция және паразиттік, ауылшаруашылық және тұрмыстық жарақаттанушылықтың ауру-сырқауын төмендету бойынша дәрігердің басшылығымен алдын алу, эпидемияға қарсы және санитарлық-гигиеналық шаралардың өткізуі;
- бала және аналық өлім-жітімнің төмендетуі бойынша шаралардың өткізуі.

Аудандық ауруханада негізгі 5 бөлімше болу міндетті

- Терапевтикалық
 - Хирургиялық
 - Педиатриялық
 - Акушерлік-гинекологиялық
 - Инфекциялық
-
- Бірінші және екінші деңгейдегі және 300-350 төсектік орны бар орталық аудандық ауруханаларда арнайы бөлімшелері де болады.
 - Емханасында – кем дегенде 10-12 мамандықтағы дәрігер-мамандар қабылдауда отырады.

Облыстық аурухана міндеттері

- Халыққа жоғарғы мамандандырылған және арнайы консультативті-диагностикалық және емдік көмек көрсету
- Санитарлық авиация мен транспорттық көліктермен шұғыл бару және жоспарлы-консультативті медициналық көмек көрсету.
- Облыстық медициналық мекемелерде емдік-диагностикалық процесстің сапасын сараптау.
- Жаңа медициналық технология аумағында немесе басқа аумақта ЕПМ тәжірибесіне жаңа тиімді әдістер енгізу.

Облыстық аурухананың негізгі құрылымдық бөлімдері

- Консультативті емхана, қабылдау бөлімімен ірі стационар, диагностикалық бөлім (емханасы мен стационардың ортақ функционалдық біріккен жұмысымен ұйымдастырылады), ұйымдастырушылық-әдістемелік бөлім, клинико-сараптамалық және ұйымдастырушылық-экономикалық жұмыстар бөлімі, шұғыл және жедел көмек, жоспарлы консультативті көмек бөлімі, патологоанатомиялық бөлімше, дәріхана.

Қолданылған әдебиеттер

- Руководство к практическим занятиям по общественному здоровью и здравоохранению Учебное пособие Ставрополь 2007

- Бигалиева Р.К., Исмаилов Ш.М. социальная медицина и управление здравоохранением: Учебник (на государственном языке).- Алматы, 2001.-

- Лисицын Ю.П., Полунина Н.В. Общественное здоровье и здравоохранение: Учебник. -М., 2002.

- Руководство к практическим занятиям по социальной медицине и организации здравоохранения/ под редакцией Лисицына Ю.П. и Копыта Н.Я.-М., 1984.

- Руководство по социальной гигиене и организации здравоохранения / под. ред. Ю.П.Лисицына. В 2-х томах. М., 1987.